

2023 жылғы қаңтар-шілдеде құрылыс жұмыстарының орындалуы және объектілерді пайдалануға беру туралы

Релиздің күні: 2023 жылғы 17 тамыз
Келесі релиздің күні: – 2023 жылғы 18 қыркүйек

- 1. Түйінді тұстары
- 2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі
- 3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру
- 4. Глоссарий
- 5. Әдіснамалық түсініктемелер
- 6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер
- 7. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары


2023 жылғы қаңтар-шілдеде орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 12,2% өсіп, 2942,3 млрд. теңгені құрады. Республика бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінен жеке құрылыс ұйымдарымен – 85,5%, шетелдік – 14,4%, мемлекеттік - 0,1% орындалды.

2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі

2023 жылғы қаңтар-шілдеде құрылыс жұмыстары көлемінің 2022 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда ұлғаюы имараттар (20,1%) мен тұрғын емес ғимараттарының (10,9%) құрылысы жұмыстары және жөндеу жұмыстарымен байланысты. 2023 жылғы қаңтар-шілдеде орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) түрлері бойынша ең көп үлесті тұрғын емес ғимараттар (21% жалпы көлемге) мен тұрғын үйлердің (13,7%) құрылысы алады.

Құрылыс жұмыстары көлемінің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Динамикалық кестелер:

Айлар бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі

Аумақтық бөлінісінде республиканың 17 өңірінде құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы байқалады. Едәуір өсу Жетісу (73,7%), Батыс Қазақстан (50,8%), Қызылорда (48%), Абай (46,3%), Жамбыл (32,4%), Манғыстау (31,4%), Ақмола (24,3%), Ақтөбе (20,2%), Солтүстік Қазақстан (18,1%), Қостанай (15,7%) және Павлодар (14,8%) облыстарында байқалады.

Орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі

	Барлығы, мың теңге	2023 жылғы шілде, пайызбен		2023 жылғы қаңтар-шілде 2022 жылғы қаңтар-шілдеге, пайызбен	Республикалық көлемге пайызбен
		2023 жылғы маусымға	2022 жылғы шілдеге		
Қазақстан Республикасы	2 942 251 114	58,6	111,0	112,2	100,0
Абай	76 116 326	41,2	91,6	146,3	2,6
Ақмола	98 591 104	78,5	136,3	124,3	3,3
Ақтөбе	123 314 793	66,2	165,7	120,2	4,2
Алматы	115 922 180	52,9	93,3	99,1	3,9
Атырау	586 346 491	115,9	130,0	105,7	19,9
Батыс Қазақстан	128 394 680	61,6	226,5	150,8	4,4
Жамбыл	119 594 232	20,3	95,4	132,4	4,1
Жетісу	82 820 914	45,8	132,6	173,7	2,8
Қарағанды	179 594 910	58,1	79,4	105,2	6,1
Қостанай	97 694 158	94,7	131,6	115,7	3,3
Қызылорда	64 238 397	41,0	120,5	148,0	2,2

Манғыстау	106 226 032	62,6	160,8	131,4	3,6
Павлодар	119 861 500	39,1	93,2	114,8	4,1
Солтүстік Қазақстан	55 821 751	28,5	88,2	118,1	1,9
Түркістан	158 589 935	27,5	112,0	103,5	5,4
Ұлытау	41 138 569	80,4	53,8	84,1	1,4
Шығыс Қазақстан	120 473 102	88,6	102,7	105,9	4,1
Астана қаласы	310 532 639	53,9	96,5	99,8	10,6
Алматы қаласы	270 513 868	62,5	97,6	109,0	9,2
Шымкент қаласы	86 465 533	46,9	87,8	108,6	2,9

Электрондық кестелер:

[Құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі көрсеткіштері, соның ішінде объектілердің түрлері және жұмыстардың түрлері бойынша](#)

[Кәсіпорындардың мөлшерлігі бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)


[Технологиялық құрылымы бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)

3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру

Қазақстан Республикасында 2023 жылғы қаңтар-шілдеде пайдалануға берілген жаңа объектілердің жалпы алаңы 9710,9 мың шаршы метр құрады.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Динамикалық кестелер:

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 2022 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 11,7% ұлғайып, 8551,6 мың шаршы метрді құрады, олардан 5030,2 мың шаршы метр - көп пәтерлі және 3480,4 мың шаршы метр - жеке үйлер. Тұрғын үйлердің едәуір бөлігін – 7995,4 мың шаршы метрді немесе 93,5%-ын жеке құрылыс салушылар, оның ішінде, 3531,8 мың шаршы метрді халық пайдалануға берген.


Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы

	Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттар		Оның ішінде салушылармен				
	жалпы алаңы шаршы метрмен	өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	мемлекеттік меншік	жекеше меншік	олардан		шетел меншігі
					халықпен	өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	
Қазақстан Республикасы	8 551 597	111,7	477 148	7 995 394	3 531 825	97,6	79 055
Абай	149 683	131,4	10 021	139 662	48 002	89,0	-
Ақмола	347 750	103,7	2 527	341 829	188 681	94,6	x
Ақтөбе	464 898	109,1	5 073	453 070	293 498	127,0	6 755
Алматы	584 431	105,7	6 625	534 089	428 601	89,2	x
Атырау	306 061	68,0	-	291 783	241 972	83,5	14 278
Батыс Қазақстан	288 735	102,8	1 241	287 494	127 534	116,7	-
Жамбыл	349 225	101,3	21 280	327 945	297 541	99,9	-
Жетісу	112 085	118,1	24 782	87 303	70 138	85,6	-

Қарағанды	261 013	102,4	18 297	242 716	47 138	76,9	-
Қостанай	280 024	103,8	21 710	253 245	102 594	89,7	x
Қызылорда	383 259	102,0	4 403	378 856	370 943	102,6	-
Манғыстау	505 910	92,7	34 563	471 347	202 016	69,9	-
Павлодар	163 612	115,4	21 626	141 986	67 449	90,9	-
Солтүстік Қазақстан	96 659	103,4	-	90 817	61 260	110,7	5 842
Түркістан	410 962	112,4	82 917	328 045	328 045	120,4	-
Ұлытау	32 951	159,8	7 340	25 611	17 935	182,5	-
Шығыс Қазақстан	139 152	108,0	17 325	121 827	47 822	89,8	-
Астана қаласы	1 859 882	128,2	155 927	1 703 955	32 676	58,9	-
Алматы қаласы	1 389 433	134,3	-	1 389 433	344 950	103,6	-
Шымкент қаласы	425 872	114,5	41 491	384 381	213 030	109,0	-

2023 жылғы қаңтар-шілдеде білім беру және денсаулық сақтау саласында 13589 оқу орнына арналған 24 жалпы білім беретін мектеп, 1458 орынға арналған 19 мектепке дейінгі ұйымдар, 150 төсек-орынына арналған 1 аурухана және ауысымда 1111 келіп-кетушіге арналған 11 амбулаториялық-емханалық мекеме пайдалануға берілді.

Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді пайдалануға беру



Электрондық кестелер:

[Пайдалануға берілген объектілердің негізгі сипаттамалары](#)

[Пайдалануға берілген объектілер құрылысының нақты құны](#)

[Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру туралы \(пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы және пайдалы алаңы\)](#)

[Жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлерді пайдалануға беру](#)

[Тұрғын үйдің жалпы алаңы 1 шаршы метр құрылыстың орташа нақты шығындары](#)

[Халықтың 1000 адамына шаққандағы тұрғын үйлердің жалпы алаңын пайдалануға беру](#)

[Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру](#)

4. Глоссарий

Құрылыс-монтаж жұмыстары - ғимараттар мен имараттарды тұрғызу, кеңейту, реконструкциялау мен техникалық қайта жарақтандыру бойынша құрылыс жұмыстары; энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстары.

Объектінің құрылысы - объектінің тәуелсіз бағалауды құрайтын барлық байланысты жабдықтар, құралдар, аспаптар, галереялар, жол өтпелерін, ішкі инженерлік желілер мен коммуникациялар жеке ғимарат немесе құрылымы, құрылыс (қайта жаңарту, кеңейту).

5. Методологиялық түсініктемелер

Құрылыс ұйымдарына жөндеу-құрылыс ұйымдарын қоса алғандағы, жалпы құрылыстық және мамандандырылған барлық ұйымдар жатады. Құрылыс ұйымдарының негізгі қызметі тапсырыс берушімен мердігерлік шарт бойынша мемлекеттік «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ)» сәйкес қызмет түрі «Құрылыс» қызметіне жататын жұмыстарды орындаудан тұрады.

Құрылыс жұмыстарының көлеміне жаңа объектілердің құрылысы, күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта құру, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды жаңғырту, инженерлік ғимараттар жұмыстары кіретін жасалған мердігерлік құрылыс шарттары бойынша құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар орындаған жұмыстарының құны кіреді.

Құрылыс жұмыстар (қызметтер) көлемінің нақты көлем индексі шын мәніндегі бағада дефлятор есебімен (баға индексі) талданған кезеңнің орындалған құрылыс жұмыстар көлемінің өткен кезеңге арақатынасымен анықталады.

Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жалпы алаңы барлық тұрғын үйлердің жалпы алаңының және барлық тұрғын емес үй-жайлардың алаңының, сонымен қатар жалпы мүлік болатын тұрғын үй бөлігінің алаңының қосындысы болып есептеледі.

Методологиялық түсініктемелердің анығырақ ақпараты келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[«Құрылыс» саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымын анықтау бойынша әдістеме](#)

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[«Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі» статистикалық жинағы](#)

[«Қазақстан Республикасындағы көлік» статистикалық жинағы](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Орындалған құрылыс жұмыстары \(көрсетілетін қызметтер\) туралы есеп» \(1-КС айлық\);](#)

[Статистикалық нысан «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» \(2-КС, айлық\);](#)

[Статистикалық нысан «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» \(1-ИС, айлық\);](#)

[«Талдау»/Құрылыс және инвестициялар ақпараттық-аналитикалық жүйе](#)

[Сапа бойынша есеп](#)

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры: Ә. Шауенова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: О.Эдель Тел. +7 7172 749313 E-mail: o.edel@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	---	--